

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 мамырдағы N 426 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1345 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.13 № 1345 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 48, 546-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

3-тармақтың 1) тармақшасы "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға" деген сөздер " Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, оның отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызметке, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру мен Комиссия әзірлейтін шешімдер үшін дербес жауапты болады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды";

7-тармақ "хаттама ресімдеуді" деген сөздерден кейін "Комиссияның төрағасы тағайындайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Хаттамаға міндетті түрде Комиссияның барлық мүшелері қол қояды."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 19 мамырдағы  
N 426 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 25 желтоқсандағы  
N 1316 қаулысына

қосымша

**Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы**

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Ішкі  
Бауыржан Әлімұлы істер министрі, төраға  
Выборов - Қазақстан Республикасы Ішкі  
Анатолий Николаевич істер министрлігі Есірткі  
бизнесіне қарсы күрес және  
есірткі айналымын бақылау  
комитетінің төрағасы, төрағаның  
орынбасары

**Комиссия мүшелері :**

Әбдірайымов - Қазақстан Республикасы Бас  
Асылбек Түрікбайұлы прокуратурасы әлеуметтік саладағы  
заңдылықты қадағалау бөлімінің  
бастығы

Ахметова - Қазақстан Республикасы Денсаулық  
Ләззат Жамбылқызы сақтау министрлігінің Фармация  
комитеті фармацевтикалық бақылау  
басқармасының бастығы

Байсеркин - Қазақстан Республикасы Денсаулық  
Бауыржан Сәтжанұлы сақтау министрлігі Емдеу-алдын  
алу жұмысы департаментінің  
директоры

- Білісбеков - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Нұрғали Дәулетбекұлы қауіпсіздік комитеті Экономикалық  
қауіпсіздік департаментінің  
бастығы
- Иванова - Қазақстан Республикасы Экономика  
Наталья Николаевна және бюджеттік жоспарлау  
министрлігі Мемлекеттік аппарат,  
құқықтық жүйе және қауіпсіздік  
шығыстарын жоспарлау  
департаментінің директоры
- Қарабалаева - Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Алтын Көпбергенқызы Соты жанындағы Сот әкімшілігі  
комитеті Облыстардағы соттар мен  
әкімшілердің қызметін ұйымдастыру  
департаментінің директоры
- Құсдәулетов - Қазақстан Республикасының Әділет  
Дулат Рашидұлы вице-министрі
- Нагай - Қазақстан Республикасы Әділет  
Олег Петрович министрлігінің Қылмыстық-атқару  
жүйесі комитеті төрағасының  
бірінші орынбасары
- Нәзіров - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Болат Темірболатұлы министрлігінің Штабтар бастықтары  
комитеті төрағасының орынбасары -  
Штабтар бастықтары комитеті  
Тәрбие және психологиялық жұмыс  
департаментінің бастығы
- Оразалиева - Қазақстан Республикасы Қаржы  
Зәбира Жандарқызы министрлігі Заң қызметі  
департаментінің директоры
- Тәшібаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы  
Мұрат Сейітжанұлы істер министрлігі Халықаралық  
ұйымдар және көп жақты  
ынтымақтастық департаментінің  
директоры
- Танысбай - Қазақстан Республикасы Мәдениет  
Ләззат Мұратқызы және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
төрағасының орынбасары

Өтешев - Қазақстан Республикасы Білім  
Нұрлан Сүлейменұлы және ғылым министрлігі Жастар  
саясаты департаментінің директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК